

ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

№4 Әдістемелік кеңес

Күні: 27.03.2025 ж

Қатысқандар: 19

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде

1. Мектепке дейінгі ерте жастан дамытудың негіздері баяндама тәрбиеші
2. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері
«Баланың дамуының жеке картасы»; толтыру бойынша есеп Тәрбиеші

Бірінші мәселе бойынша Тәрбиеші Морланг Кристина Владимировна

тыңдалды: Ерте жастағы балаларды дамыту – олардың болашақтағы зияткерлік, эмоционалдық және әлеуметтік жетістіктерінің негізін қалайды. Бұл кезеңде алынған тәжірибе мен білім баланың өмір бойы дамуында маңызды рөл атқарады деді, Балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту маңызды. Бұл үдеріс олардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сенсорика, математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде жүзеге асырылатындығын, Ерте жастағы балаларды дамыту кешенді тәсілді талап етеді, онда танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық аспектілер ескерілуі тиіс деді, Мектепке дейінгі ұйымдар мен ата-аналардың бірлескен жұмысы балалардың үйлесімді дамуына және болашақта табысты тұлға болып қалыптасуына ықпал ететіндігін атап өтті. Ерте жастан дамытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі – дамытушы орта құру. Бұл дегеніміз, баланың қызығушылығын арттыратын түрлі ойын материалдары, кітаптар, табиғи заттар мен сенсорлық элементтерден тұратын орта ұйымдастыру деді. Қорыта келе Тәрбиеші Кристина Владимировна Мектепке дейінгі ерте жастан дамыту – тек балабақша педагогтарының ғана емес, ата-аналардың да ортақ міндеті. Баланың алғашқы жылдары оның бүкіл өміріне әсер ететінін ұмытпауымыз қажет. Дұрыс бағытталған тәрбие мен білім беру арқылы біз саналы, жан-жақты дамыған, өзіндік ойы бар тұлғаны тәрбиелей аламыз. Бала – біздің болашағымыз, сондықтан оның алғашқы даму кезеңіне аса жауапкершілікпен қарау керек деді.

Екінші мәселе бойынша Тәрбиеші Рустемова Шынар Төлеуханқызы

тыңдалды: Балабақшадағы оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру үшін баланың даму деңгейін үнемі бақылап, талдап отыру маңызды. Бұл мақсатта

мониторинг әдістері қолданылады деді. Мониторинг – баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік және танымдық дамуын бақылауға, бағалауға және болашақ даму бағытын жоспарлауға мүмкіндік беретін жүйелі процесс екенін атап айтты. Жалпы Мониторинг нәтижелерін алудың бірнеше әдістері бар екеінін көрсетті.

Бақылау – тәрбиеші баланың күнделікті іс-әрекетін, ойындарын, мінез-құлқын бақылайды.

Әңгімелесу – балалармен түрлі тақырыпта сұхбат жүргізу арқылы олардың сөйлеу, ойлау, эмоциялық даму деңгейін анықтау.

Тестілеу және тапсырмалар – белгілі бір жастағы балаларға арналған арнайы тапсырмалар арқылы олардың танымдық дағдыларын бағалау.

Жұмыс нәтижелерін талдау – баланың суреттерін, мүсіндеу жұмыстарын, қолөнер бұйымдарын, сөйлем құрау деңгейін талдау.

Ата-аналармен сұхбат – баланың үйдегі мінез-құлқы, даму ерекшеліктері туралы ақпарат алу. Негізгі мектепке дейінгі ұйымда өлшенетін мониторинг «Баланың дамуының жеке картасы» деп Жеке тоқталып өтті. «Баланың дамуының жеке картасы» – баланың жеке даму динамикасын көрсететін маңызды құжаткеңдігін, Бұл карта бірнеше бағыт бойынша толтырылатындығын айтты.

Физикалық даму (қимыл-қозғалыс белсенділігі, ұсақ моторика);

Танымдық даму (зейін, есте сақтау, ойлау қабілеті);

Коммуникативтік даму дағдысы (сөздік қоры, байланыстырып сөйлеу, дыбыстарды дұрыс айту);

Әлеуметтік-эмоционалдық даму (қоршаған ортаға бейімделуі, үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынасы);

Шығармашылық қабілеттері (сурет салу, музыка, рөлдік ойындар);

Өзін-өзі күту дағдылары (өз бетінше киіну, жуыну, тамақтану). Деп жеке –жеке тоқталып өтті.

Мониторинг нәтижелері тәрбиешілер мен ата-аналарға баланың даму ерекшеліктерін түсінуге, оны қолдау мен түзету шараларын ұйымдастыруға көмектеседі. «Баланың дамуының жеке картасы» әр баланың жеке қабілеттерін ескере отырып, оның білім беру процесіне бейімделуіне жағдай жасауға мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелері негізінде баланың жетістіктері мен дамуы үшін тиімді стратегиялар анықталып, оның жан-жақты дамуына ықпал етеді деп атап көрсетті. Есеп соңында Рустемова Шынар «Балапан» орта тобының бастапқы және аралық мониторингтан алынған жеке дамуды салыстыра отырып, топ деңгейі түрлі әдістерді, технологияны пайдалану арқылы көтерілгенін көрсетті.

Шешім: 1. Ерте жастағы балалардың даму динамикасы дайындалсын.

2. Әр топтың жеке даму картасы бойынша мониторинг диаграмма дайындалсын.

Төрайым: *Беррадиетова*

Хатшы: *Беррадиетова*